

ТҮҮ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
АЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

Сейсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйым.

Жергілікті Советтердің депутаттығына кандидаттар ұсыну — партия мен халықтың ұлы бірлігінің демонстрациясына айналу

№ 66 Ойқала сайлау округі
бойынша

Микоян атындағы ет-консерві
комбинаты жанындағы кәсіп-
одақ ұйымының мүшелері
облыстық Советтің
депутаттығына кандидат етіп
И. В. Сталин, В. М. Молотов
жолдастарды
және **Н. А. Козлова**
жолдасты ұсынды

Танертеңгі сағат 8. Облыстық Советтің
депутаттығына кандидаттар ұсыну жый-
налысына комбинат жанындағы кәсіподақ
ұйымының мыннан астам мүшелері жый-
налды.

Жыйналысты кәсіподақ комитетінің
председателі И. Филимонов жолдас ашты.
Облыстық Советтің депутаттығына кан-

№ 2 Ленин сайлау округі бойынша

Металл өндіру заводының жұмысшылары мен инженер-
техник қызметкерлері, қызметшілері коллективі
Алматы облыстық Советінің депутаттығына кандидат етіп
И. В. Сталин жолдасты, В. М. Молотов, Г. М. Маленков,
Ж. Шаяхметов жолдастарды ұсынды

Заводтың кең залы мерекелегіше безен-
дірілген. Төрге қойылған совет халқының
кеменгер көсемі Сталин жолдастың үлкен
портреті бірден көз тартады. Көсем порт-
ретінің төменгі жағына «Ұлы Сталиннің
басшылығымен коммунизмге қарай алға
баса берейік!» деген ұран ілініп қойылған.
Кәсіпорынның жұмысы аяқталысымен жұ-
мысшылар осы кең залға лық толды.
Олар Алматы облыстық Советінің депутат-
тығына кандидаттар ұсынуға жыйналды.

Жыйналысты заводтық кәсіподақ коми-
тетінің председателі Халатов жолдас аш-
ты.

Ол цех бастығының орынбасары Гузнен-
ко жолдасқа сөз берді. Жергілікті Совет-
тердің сайлауы дүниежүзілік-тарихи оқый-

жеңіске жеткізіп, табысқа бастайды.

Мұнан соң шығып сөйлеген аға мастер
Синицын жолдас көсеміміз Сталин жолдас-
тың кандидатурасын шын жүректен құт-
тықтайтынын білдірді.

— Біз, — деді ол, — ұлы көсеміміз Сталин
жолдастың ең жақын серігі, Коммунистік
партия мен совет мемлекетінің аса көр-
некті қайраткерлерінің бірі В. М. Молотов
жолдастың кандидатурасын ұсынамыз.

Цех бастығы Созвенко жолдас патриот-
тық жалынды сөз сөйлеп, өзінің Гузнен-
ко, Синицын жолдастардың ұсыныстарын
қуаттайтынын білдірді. Сонымен бірге,
ол Алматы облыстық Советінің депутат-
тығына кандидат етіп ұлы Сталиннің жа-
қын серіктерінің бірі СОБП Орталық Ко-

№ 54 Вокзал сайлау округі
бойынша

Алматы—1 станциясының
коллективі еңбекшілер
депутаттарының Алматы
облыстық Советінің
депутаттығына кандидат етіп
И. В. Сталин жолдасты,
В. М. Молотов,
Л. М. Каганович және
Е. Тайбеков жолдастарды
ұсынды

Теміржолшы жұмысшылар, қызметші-
лер, инженер-техник қызметкерлер Алма-
ты—1 станциясының қызыл мүйісіне сай-
лау алдындағы жыйналысқа келді. Жый-
налысты жергілікті комитеттің председа-
телі Пахомов жолдас ашты.

Қатынас инженер-майоры Спартесный
жолдас сөз алды.

Совет халқының барлық табыстары

най өткізу жө-
незіндегі кезекті әңгі-
меседі.

«Көк» колхозы-
ның. Үгітші-
лік міндеттер-
ілуінің нәтиже-
сіндеттер ойда-
Колхозда егіске
Ауылшаруашы-
ндеу сапалы өт-
тар жеткілікті
ыл азығы мо-
ақсы. Төл алу

Колхозшылар
берік сақталады.
жұмысымен ғана
да алда келе-
анов жолдас мал
ы екі-үш еседен

ық жерде осын-
ста үгіт жұмы-
і отырған үгіт
амлют ауданын
гіт пункті ұйым
бары 27 үгіт
ті. Тіпті аудан
үгіт пункттері

Сондықтан да сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарды күшейте отырып, айда тұрған міндеттерді де мінсіз жүзеге асыруға тиісіз. Ал, үгіт-бұқаралық жұмысты жүргізуде үгіт пункттері шешуші роль атқарады. Олай болса, барлық үгіт пункттері өздерінің жұмысын айда тұрған міндеттер дәрежесіне сай жүргізетіндей болуы керек.

Облысымызда өздеріне жүктелген міндетті айтарлықтай орындап келе жатқан үгіт пункттері көптеп саналады. Солардың бірі — Совет ауданындағы № 8 Аманкелді сайлау участогі жанында ұйымдастырылған үгіт пункті. Бұл пункттегі үгітшілердің құрамында 12 үгітші бар. Олардың барлығы апта сайын екі-үш реттен сайлаушылар арасында болып, әр тақырыпта қызықты, мазмұнды әңгімелер өткізіп тұрады. Пункттің меңгерушісі К. Жұсыпова жолдас апта сайын үгітшілердің кеңесін

«Социализмнің проблемалары» деген шығармасын түсіндіру. Сондай-ақ, советтік сайлау системасын, Сталиндік Конституцияның ұлы принциптерін, совет азаматтарының праволары мен міндеттерін, совет халқының саяси-моральдік бірлігі мен достығы негізін, бейбітшілік қозғалысының жеңу себебін, совет адамдарына қырағалықты күшейтудің қажеттігін, түсіндіру.

Бұл міндеттерді орындауда үгіт пункттері негізгі орын алуға тиіс. Сондықтан әрбір үгіт пункті еңбекшілер арасында жүргізілетін үгіт-бұқаралық, саяси-тәрбие жұмыстарының шын мәнісіндегі орталығына айналдырылуы қажет.

Үгіт-бұқаралық жұмысты өндірістік міндеттермен ұштастыра жүргізіп, сайлау құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетейік. Сөйтіп, сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алайық!

Академик М. А. Павловты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Ғылым саласындағы үздік еңбектері үшін, туғанына 90 жыл толуымен байланысты, академик Михаил Александрович Павлов Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ШВЕРНИК.**
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **А. ГОРКИН.**

Москва, Кремль, 24 январь 1953 жыл.

Партия мектептерінің насихатшылары мен оқытушыларының семинарлары

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Партияның аудандық комитеттері мен ірі өндірістік партия ұйымдарының жанындағы партия мектептерінің оқытушылары мен үйірмелер насихатшыларының партия оқуы жүнесінде партияның XIX съезінің материалдарын И. В. Сталин жолдасын данышпандық еңбегін оқып-үйренуге арналған семинарлары аяқталды. Семинарларда 100-ге жуық баяндамалар мен лекциялар оқылды.

Ключевой ауданының насихатшылары

партияның XIX съезінің партия қарарлары туралы Деханов жолдасын лекциясын зор ынтамен тыңдады. Темір аудандық партия ұйымының насихатшыларына арналып И. В. Сталин жолдасын «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген жаңа еңбегі туралы шолу лекциясы оқылды. Партия мектептерінің насихатшылары мен оқытушылары жұмыс тәжірибелерін ортаға салып, пікір алысты.

Жыйналысқа қатысушылар: стахановшы М. Имамов, инженер Н. Савельев және қызметші Н. Маликова жолдастар Иосиф Виссарионович Сталин, Вячеслав Михайлович Молотов жолдастар мен Н. А. Козлова жолдасын № 66 Ойқала сайлау округі бойынша дауысқа түсуге ризалық беруін сұрап сөз сөйледі.

Сайлау күніне тыңғылықты әзірленейік

Аудан еңбекшілері жергілікті Советтердің сайлау күнін Сталиндік бесінші бесжылдықтың үшінші жымының міндеттерін орындау күресінде өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу үшін қажырлы еңбек етуде. Совет адамдары Сталиндік Конституция туы астында не болған экономикалық жеңістерін шекеіз мақтан етеді, сүйікті Отанының күш-қуатын барған сайын арттыра беруді өздерінің ардақты ісі, абройлы борышы деп есептейді.

Алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздарда сайлау алдындағы социалистік жарыс барған сайын қызу қарқынмен өрістеуде. Мәселен, «Новый путь» ауылшаруашылық артелінің (председателі Власюк жолдас) мүшелері сайлау алдындағы социалистік жарысқа ұштасып, мал қыстату маусымын үлгілі өткізу және көктемді дала жұмыстарына мұқият әзірлену жөнінде нақтылы міндеттемелер алды. Осы кезде колхозшы шаруалар социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындап келеді.

Бұл колхоздың колхозшылары өткен декабрь айында бірде-бір малдың шығын болмауына жетісті. Қоғамдық мал тиісті мөлшерде жемшөп қорымен қамтамасыз етілді. Колхозда мал азығы уқыпты жұмсалады. Мал өсірушілердің жақында болып өткен аудандық кеңесінде жоғарыда аталған колхоздың ферма меңгерушісі Калининченко жолдас мал өсірудегі үлгілі жұмыстарын айтып, тәжірибелерін ортаға салды. Осы сыяқты Чистов, Совет астық

семеннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі совет халқын коммунистік қоғам орнату күресіне бұрынғыдан әрі жігерлендірді. Жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік халқымыздың патриоттық зор өрлеуі үстінде етуде. Мен облыстық Советтің депутаттығына бірінші кандидат етіп И. В. Сталин жолдасын, сондай-ақ жөсемнің сенімді серікте-

совхоздарымен және басқа бірсыпыра колхозлар сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алғалы отыр.

Аудан еңбекшілерінің сайлау алдындағы өндірістік және саяси өрлеуін ұйымдастыруда жергілікті Советтердің депутаттары мен активтері зор роль атқарып отыр. Олар еңбекшілерді жалынды сөздерімен, үлгілі істерімен жаңа табысқа жетуге ұйымдастыруда.

Ауылдық, селолық, поселкелік Советтердің аткомдері сайлау алдындағы ұйымдастыру және бұқаралық жұмыстарды ойдағыдай жүргізіп келеді. Сайлау округтері мен участоктері сайлау Ережесіне сәйкес кезінде ұйымдастырылды. Еңбекшілер мен қоғам ұйымдарының сайлау комиссияларының құрамына ұсынылған кандидаттар бекітілді. Сайлау комиссияларымен алғашқы ұйымдастыру кеңестері өткізілді. Бұл кеңестерде сайлау комиссиялары мүшелерінің міндеттері туралы түсінік берілді.

Сайлау участоктері үшін колхоздар мен совхоздардағы және басқа селолық пункттердегі ең таңдаулы қоғам үйлері бөлінді. Әрбір сайлау участогінде үгіт пункті ұйымдастырылып жабдықталды. Үгіт пункттері сайлау алдындағы саяси-бұқаралық жұмыстың орталығына айналды. Оларда партияның XIX съезінің материалдарын насихаттау және советтік сайлау системасын түсіндіру жұмыстары кеңінен өрістетілуде. Мәселен, № 1 оңтүстік сайлау

тушысы» д
Жыйналы
сайлау окр
таттарының
тығына кая
Ворошилов
кова жолдас
қаулы алды

участогінің
лаушыларды
пунктіне ке
XIX съезінің
жағдай, жер

туралы әңгі
дайды, неме
церттерін, а
Дегенмен,
дің сайлауы
са ойдағыда
майды. Кейб
осы күнге
ластыру жұ
отыр. Жаңы
жесі Палтав
дателі Савча
тізімі дұрыс
сетті. Возвы
туындағы с
қажетті бас
келік Совет
лев жолдас)
мүшелерінен
да ұйымдаст

Сайлау на
рының зор
да, ауданды
партия, совет
қарамастан
хоздарында
келті дұрыс
келеді. Осы
журналдар
сайлауына а
жерлерге ке
Кейбір
ұйымдастыру
мыстар аул

Қаралық жұмысты өрістетте берейік



8 Аманкелді сайлау участогі және «Көктерек» қол-
ұйымы жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік
жасаудағы үгіт-бұқаралық жұмысты барған сайын

айлау алдындағы үгіт-бұқаралық жұмыстар жөнінде
ыз.

Қаралық жұмысын өрістетудеміз

ауына әзір-
рып, оны
т, комсомол
ның алдын
міндеттердің
іздің баста-
маңызды
ындап шы-
кенді-кішілі
е көңіл бе-

йлауын өт-
ры Советі-
үгітшілер
толықтыр-
жүргізіле-
жоспарын
ының кү-
қарап бекіт

тші жұмыс
комсомол-
ің мұғалім-
ің күнде-
деріне зор
қажысы тү-
к міндетті
алдыңғы қа
сайлаушы-
ерде әр та-

лиетік жарысты өрістетте отырып, шар-
уашылық міндеттерді мерзімінде орындау
күресін ұйымдастыру — алдымен партия
ұйымдарына жүктеледі. Біздің партия ұйы-
мы бұл міндеттерді орындап келеді. Біз
үгіт-бұқаралық жұмыстарын шаруашылық
міндеттерді ойдағыдай орындап шығуға
бағыттап отырамыз. Бұл өзінің игі нәти-
желерін беріп отыр.

Бұл күндері колхозда мал қыстату үлгі-
лі өткізілуде. Фермада мал азығы жеткі-
лікті. Барлық түліктің де жүйі жақсы.
Үгітші Галымжан Қабыжанов жолдас фер-
маларға шөп тасып жүр. Ол өзінің жа-
лынды үгітпен де, қажырлы еңбегімен де
үлгі көрсетуде. Коммунист Қаскөй Оспа-
нов жолдас жұмыс көлігін күтеді. Ал, Қа-
пыш Семенова жолдас сауын сыйырларды
күтумен қатар сауыншы болып істейді.
Бұлардың қарауындағы малдардың қоны
өте жақсы. Аналық малдар төдей баста-
ды. 7 сыйыр бұзаулап, 100 саулық қозда-
ды. Олардан 7 бұзау, 130 қозы алынды.

Сол сияқты, көктемгі өгіске әзірлікте
де бірқатар жұмыс істелді. Быйыл біздің
колхоз 1430 гектар өгіс егуге тиіс. Бұған
керекті тұқым жеткілікті. Тұқымды тазар-
ту, оны өнгіштік сапаға жеткізу қызу
жүргізіліп жатыр. Болхозшы Омар Алпыс-

Үгіт жұмысының орталығы

Біздің кітапхананың кітап қоры жылы
сайын көбейіп келеді. Быйыл жаңадан та-
ғы да көптеген кітап сатып алынды. Қазір
бізде саяси, әдебиет және ауыл шаруашы-
лығы тақырыптарына жазылған барлығы
890 кітап бар. Бұрын бізде марксизм-ле-
нинизм классиктерінің шығармалары жет-
кіліксіз болушы еді. Енді бұл шығармалар
жөнінде бізде жұқпадық жоқ.

Үстіміздегі жылы газет, журналдарды
көптеп алдыратын болып отырмыз. Кітап-
ханаға аудандық, облыстық, республика-
лық, орталық газеттерден 11 түрлі газет
келеді. Оның үстіне «Коммунист», «Сталин
жолы», «Әдебиет және искусство», «Со-
циалистическая живопись» сияқты
журналдар мен «Үгіт блокнотын» алдыра-
тын болдық. Мұның барлығына бір жылға
тұтас жазылдық.

Қазір кітапхана колхоздағы саяси-тәр-
бие, үгіт-бұқаралық жұмыстарының орта-
лығына айналды. Партия тарихын оқый-
тын саяси үйірмелердің, агро-зоотехника-
лық топтың тыңдаушылары, мектептің мү-
ғалімдері мен оқушылары және бұлардан
басқа партия, совет активтері, колхозшы-
лар күн сайын кітапханаға келіп, кітап-
тарды, журналдарды, газеттерді үзбей
оқып тұрады.

Кітапхана үгітшілерге зор көмек көрсет-
тіп келеді. Үгітшілер күн сайын кітапха-
наға келіп, өздерінің күнбе-күнгі өткізе-
тін әңгімелеріне қажетті материалдарды
алып отырады. Плакаттармен, диаграмма-
лармен танысады. Сонымен бірге олардың
жыйналысы, кеңесі көбінесе кітапханада
өткізіледі.

Кітапхана жанында ұйымдастырылған
өнерпаздар үйірмесі бар. Олар сайлаушы-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС ҚОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 24 январь. (СОТА). Корея
Халық Демократиялық Республикасы Ха-
лық армиясының Бас командованиесі 24
январь күні былай деп хабарлады:

Корея Халық армиясының құрамалары
Қытай халық еріктілерінің бөлімдерімен
бірге өткен күні Чунсанри ауданында және
Иончхонның солтүстік-батысына таман ау-
данда американо-ағылшын интервенттеріне
қарсы жергілікті маңызы бар ұрыстар жүр-
гізді.

Кеше түнде американо-ағылшындары «В—
29» бомбардировщиктерін пайдалана оты-
рып, Пхеньяның бейбіт кварталдарына жа-
ңадан шабуыл жасап, бірнеше жүз бомбалар
тастады. Халықтың арасында қазаға ұшы-
рағандар көп, көптеген жер үйлер қыйра-
тылған.

Халық армиясының зениттік артиллерия-

сы және жау самолеттерін атқыштар бей-
біт елді пункттерге бомбалар тастап, пуле-
меттерден оқ жаудыруға қатысқан дұш-
панның 5 самолетін атып түсірді.

ПХЕНЬЯН, 25 январь. (СОТА). Корея
Халық Демократиялық Республикасы Ха-
лық армиясының Бас командованиесі бүгін
Корея Халық армиясының құрамалары жә-
не қытай халық еріктілерінің бөлімдері
майландардың жекелеген участоктерінде
американо-ағылшын интервенттеріне қарсы
жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді
деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімде-
рі және жау самолеттерін атқыштар бей-
біт қалалар мен селоларды бомбалап, олар-
ға пулеметтерден оқ жаудыруға қатысқан
дұшпанның 5 самолетін атып түсіріп, 2
самолетін зияндады.

Американ интервенттері Кореяда бактериологиялық құралды қолдануда

ПХЕНЬЯН, 25 январь. (СОТА). Амери-
кан интервенттері Кореяда бактериология-
лық соғысты жүргізуді тоқтатқан жоқ. Ко-
реяның Орталық Телеграф Агенттігі тілші-
сінің Саривоннан берген хабарында аме-
рикан агрессорлары Хванхэ провинциясы-
ның майданға жақын әртүрлі аудандары-
на жұқпалы аурулар тарататын жәндік-
терді тастап отырғандығы айтылған. Өт-
кен жылдың 21 декабрь күні түсте аме-
рикан самолеттері Черен уезінің Сехо бо-
лысына шабуыл жасап, бейбіт елді пункт-
терге аюандықпен бомбалар жаудырып, олар-
ға пулеметтерден оқтар себелеген. Сол кү-
ні американо-ағылшын самолеттері Синхванпхари бо-
лысының 6 селосына, сол сияқты, Синтан-
ри, Мудэри және басқа болыстардың же-
ріне жұқпалы аурулар тарататын әртүрлі
жәндіктер тастаған. Самолеттен тасталған

жәндіктер — үлкен қанатты қара шыбын-
дар, көбелектер және өрмекшілер қар үс-
тінде өрмелеп жүрген. Бұл сияқты жәндік-
тер бұл аудандарда қысты күндері де,
жалпы жылдың қай маусымында болса да
бұрын болмаған. 29 және 30 декабрь күн-
дері американо-ағылшын самолеттері Черен уезінің
9 болысына қарайтын 28 селоға, сол сы-
яқты, Синчхонь уезінің және Чжунам бо-
лысының жерлеріне жұқпалы аурулар та-
рататын жәндіктерді көптеп тастаған.

Провинцияның халқы дұшпанның тіміс-
кіленуіне қырағылықпен көз тігуде. Идә-
уалар табылған жәндіктер туралы жұқпа-
лы ауруларға қарсы күресетін отрядтарға
хабарлауда. Осы отрядтардың қызметкер-
лері жәндіктерді дереу жойып, іле дезин-
фекция жүргізуде.

йыр бар. Жаныл сүт сауу жоспарын үнемі артығымен орындап келеді. Қарт колхозшы Башаев жұмыс кәлігін күтеді. Кәліктерінің күйі өте жақсы.

Сайлау науқаны басталғалы мен қамтуым дағы үйлерге аптасына екі-үш реттен барып, сайлаушыларға Сталиндік Конституцияның ұлы принциптері, советтік сайлау системасы, совет азаматтарының праволары мен міндеттері жөнінде үздіксіз әңгіме өткізіп келемін. Осы кезде сайлаушыларға сайлау комиссиясының міндеттері, депутаттыққа кандидат ұсыну және дауыс беру тәртіптері жөнінде әңгіме өткізіп жүрмін.

Үгітші Қ. КӘКІБАЕВА.

барып, жаңалық хабарларды айтып тұрамын. Колхозшылар мен барғанда жаңалық хабар естиміз деп құрметпен қарсы алады.

Біз үгіт жұмысын үгітшілер тобының жұмыс жоспары бойынша жүргіземіз. Әрбір әңгімеге толық әзірленіп барамыз. Партиямыздың XIX съезінің материалдарын түсіндіру және сайлау алдында өткізілетін әңгімелерді жоспар бойынша үздіксіз өткізіп келеміз. Мұның өзі сайлаушылардың саяси және өндірістік белсенділіктерін есеп арттыруда.

Мен барлық әңгімеді колхозшылардың алдында тұрған міндеттермен тығыз байла-

шы Ерман Мұқанов фермаға мал азығын тасуда еңбектің нелер үлгісін көрсетуде. Ол қоғамдық малды апрель айының бітуіне дейін жетерлік мал азығымен қамтамасыз етті.

Біздің сайлаушылардың мақсаты — сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу. Сайлауды саяси зор өрлеу үстінде ұйымшылдықпен өткізу. Бұл күні дауыс беруге бір кісідей қатысып, өздерінің азаматтық борышын өтеу. Бұл мақсат сөз жоқ орындалады. Мен өзімнің барлық үгітімді осы мақсатты орындауға бағыттап келемін.

Үгітші М. ӘБДІЛМАНОВ.

тиямыздың XIX съезінің қарарларын жете түсіндіру. Мен бұл жөнінде 10 рет әңгіме өткіздім. Съезд материалдарын еңбекшілерге түсіндіру ісін келешекте де жүргізе беремін. Сөйтіп, колхозшылардың съезд материалдарымен қарулануына жетісемін.

Бастауыш партия ұйымының секретары Жұсыпова, участкалық сайлау комиссиясының председатели Назаров жолдастар менің онұйлігімде бірнеше рет болып, әңгімеге қатысты. Бұдан кейін олар үгітшілердің кеңесінде менің кейбір кемшіліктерімді айтып, үгіт жұмысын жақсартуыма нақтылы көмектесті.

Үгітші Қ. ЗІКІРИН.

ды жаңадан бөлардынан Қызыл ториясы, балалары мен қоғамдық құрылыс паналабуылының салда казаға ұшырады деген бейбіт ад 24 январьда таң Пхеньяның төн

АВСТРИ

ВЕНА, 25 январь экономикасын алдыруға бағытта. нң саясаты жаңа рауларын қысқарту метшілерді жұм ақеліп соғуда.

ИТАЛЬ

РИМ, 25 январь мунистік партия 32 жыл толуын жағқан жүздеген

«УДАРНИК»

Бүгін

Сеанстар сағат Касса сағат 3-

Петропавлда кемесінің ағ қайың, фонерларды) терезрамаларын, д тарын, шегелкімдерінің өк



СУРЕТТЕ: «Көктерек» колхозында. 1. № 8 Аманкелді участкалық сайлау комиссиясының председатели Есләм Назаров (сол жақта) және № 2 бригаданың үгітшісі С. Әбділманов жолдастар сайлаушылардың тізімін тексеріп отыр. 2. Үгітші Қ. Кәкібаеваның сайлаушылар арасында әңгіме өткізіп отырған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1 партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс е